

Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 13 сәуірдегі № 314 Жарлығына толықтыру мен өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 10 қыркүйектегі № 1056 Жарлығы Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметі актілерінің жинағында жариялануға тиіс

Қ А У Л Ы Е Т Е М І Н :

1. «Қазақстан Республикасының экономикасын жаңғырту жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 13 сәуірдегі № 314 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., № 11, 120-құжат; № 38, 430-құжат; 2008 ж., № 24, 226-құжат; № 42, 465-құжат; 2009 ж., № 10, 49-құжат; № 27-28, 234-құжат; № 29, 249-құжат) мынадай толықтыру мен өзгерістер енгізілсін:

1) жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының экономикасын жаңғырту мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы ережеде:

«Мемлекеттік комиссияның қызметін ұйымдастыру» деген 3-бөлімде: мынадай мазмұндағы 9-1-тармақпен толықтырылсын:

«9-1. Мемлекеттік комиссияның алдына қойылған міндеттерді іске асыру мақсатында оның шешімдерімен Мемлекеттік комиссияның жанынан жұмыс топтары құрылады.» ;

13-тармақта «Экономика және бюджеттік жоспарлау» деген сөздер «Экономикалық даму және сауда» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының экономикасын жаңғырту мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссияның құрамына енгізілсін:

Айтжанова - Қазақстан Республикасының
Жанар Сейдахметқызы Экономикалық даму және сауда министрі;

мына:

«Исекешев - Қазақстан Республикасы Индустрия және
Әсет Өрентайұлы сауда министрі»,

«Сұлтанов - Қазақстан Республикасының Экономика және
Бақыт Тұрлыханұлы бюджеттік жоспарлау министрі»

деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

«Исекешев - Қазақстан Республикасы
Әсет Өрентайұлы Премьер-Министрінің орынбасары -
Қазақстан Республикасының

Индустрия және жаңа технологиялар

министрі»,

«Сұлтанов

- Қазақстан Республикасы Президентінің

Бақыт Тұрлыханұлы көмекшісі, төрағаның орынбасары»;

көрсетілген комиссияның құрамынан Қ.У.Бишімбаев шығарылсын.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Н. Назарбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК